

Тілеубердиев Б.М.,* Тулепбергенова А.Қ.

филолог.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
«Филология» факультетінің 6М020500 - Филология мамандығының 2 курс магистранты
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ТІЛДІК ТОПТАРДЫҢ АССИМИЛЯЦИЯҒА ТҮСУІНЕ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Автор корреспондент: tileuberdiev_bolatbek@mail.ru

Түйін: Түйіндей келе аталмыш мақалада латын тілінің ғұмыры өткен кезеңмен басталып, уақытпен бірге жылжып отырады, олардың ішінде ассимиляцияға түспей бүгінгі күнге дейін жеткендері де бар. Сонымен қатар тіл және ұлт мәселесі де екіұшты ұғымдар ретінде егжей-тегжейлі қарастырылады. Тарихи оқиғалар да көбінесе халықтың қай тілде сөйлейтіндігіне қарай өрбитіндігін баяндалған. Халықаралық байланыс әліпбиіне көшу - бұл жаппай тіларалық стандарттарға жақындау, ұлттық сана-сезімді нығайтуға ықпал ететін әлемдік тіл кеңістігіне бірігу жолындағы қадам. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаға ену үшін жаңа жағдайлар жасап, елдің білім беру саласын дамытудың жаңа айналымын туғызады. Бұдан шығатын қорытынды - қазақ әліпбиінің латын графикасына көшірілуі ұзақ мерзімді болашақта стратегиялық тұрғыдан дәлелденген мәселе.

Кілттік сөздер: ұлы тілдер, эсперанто, ассимиляция, протоеуропалық, лингвист, концепция, өлі тілді.

Дүние жүзіндегі халықтардың барлығы бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайды, тіл дегеніміз ойдың тікелей шындығы. Тілдердің табиғатын, олардың шығу тарихын, дамуы мен құрылысын білген адамға өзге тілді де меңгеру онша қиындық тудырмайды. Көп тіл білу адамдардың бірін-бірі терең түсінуіне, халықаралық достықтың дамуына жол ашады. Тілдерді түсіну дүние жүзілік мәдениет пен ғылымның бай қазынасына қол жеткізетін құрал болып табылады.

Дүние жүзінде тілдер көп. Испанияда болып өткен тіл білімі конгресінде ғалымдар бүкіл әлемде 2976 тіл бар екенін есептеп шығарды. Соның бір мың екі жүзі 17 жарым миллион халқы бар американдық индеецтердің үлесіне тиеді. Ал дүние жүзі халқының үштен екі бөлігі не бары 13 тілде сөйлейді. Бұлар - әрқайсысының тілінде кемінде 50 миллион адам сөйлейтін тілдер, яғни «ұлы тілдер» деп аталады. Бұларға - қытай, ағылшын, орыс, хинди, урду, испан, жапон, неміс, француз, араб, португаль тілдері жатады.

Көп тілді халықтардың бірін-бірі түсінісіп, қарым-қатынас жасау мәселесі ғасырлар бойы күн тәртібінен түскен емес. Көптеген ғалымдар ерте замандардан бері халықаралық тіл жасау идеясымен шұғылданып келеді. Тарихқа көз жіберсек, мыңға жуық жасанды халықаралық тіл болғандығын көреміз. Бірақ олардың қай-қайсысы да әр тілде сөйлейтін халықтардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын толық қамтамасыз ете алмады. Қазір халықаралық тіл ретінде эсперанто тілі жер шарында кеңінен қолданылып жүр. Көптеген ғылыми пікірлерге қарағанда, эсперанто үйренуге жеңіл, сөздік қоры мен грамматикалық құрылысы қарапайым, сөйлеуге де өте қолайлы деп есептеледі.

Қай тіл болмасын өткен кезеңмен басталып, уақытпен бірге жылжып отырады, олардың ішінде ассимиляцияға түспей бүгінгі күнге дейін жеткендері де бар. Торе Янсонның «Тіл тарихы» атты еңбегінде тілдің тарихпен қаншалықты байланысты екені көрсетіледі, әлемдегі тілдерге қатысты ауқымды мәселелермен қатар, көпке аса белгілі емес тақырыптарды да қамтиды. Сонымен қатар тіл және ұлт мәселесі де екіұшты ұғымдар ретінде егжей-тегжейлі қарастырылады.

Торе Янсонның мына құнды пікірін сілтеме ретінде алуды жөн санадық: «Екі мың жыл бұрын жер бетінде ағылшын тілі болмаған. Қазір ағылшын тілі қолданыста бар, бірақ болашақта бұл тілде ешкім сөйлемейді. Барлық тілдің тағдыры осындай: кез келген тіл

белгілі бір уақыт қолданыста болады да, сосын жойылады. Дегенмен тілдердің арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Кей тілдердің ғұмыры тек бірнеше ұрпақпен шектелсе, тағы бір тілдердің өмірі мыңжылдықтармен өлшенеді.

Тіл қалай туады, қалай жойылады және олардың тағдыры неліктен әрқилы деген сұрақтар сол тілдерді қолданатын халықтың өмірімен тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, тіл тарихпен сабақтас. Бірақ тарихи оқиғалар да көбінесе халықтың қай тілде сөйлейтініне орай өрбиді. Яғни тарихқа тіл әсер етеді және тіл - тарихтың бір бөлігі» [1,13].

Латын тіліндегі жазба мәтіндер біздің заманымызға дейінгі алты жүз жылдар төңірегіндегі көптеген жазба жәдігерлерде кездеседі. Сол кездің өзінде Римдіктер латын тіліне ұқсас тілдерде сөйлеген болуы мүмкін деген болжамды лингвист ғалымдар айтады. Дей тұрғанмен біздің заманымызға дейінгі үш жүз жылдардан бізге жеткен жазба жәдігерлер көп емес, олардың өзі қысқа түрде жазылған мәтіндер, ұзақ мәтіндер сақталып қалмаған. Римдіктердің ішінде көбісі жауынгерлер болса, біршамасы фермерлер болған, сондықтан болса керек көп мәтіндердің сақталмағаны.

Рим экономикасы III ғасырдың соңына таман қатты дамыған, ел байып кеткен. Жерорта теңізі жағалауындағы грек қалаларымен сауда-саттық жасады. Осы кезде көркем әдеби шығармалар пайда бола бастады. Алғашқы кезде римдіктер грек мәдениеті мен әдебиетінен үйренді, үлгі алды. Біздің заманымыздың бірінші ғасырында рим әдебиеті шарықтау шегіне жетті. Цезарь, Цицерон сынды прозашылар, Гораций, Вергилий секілді ақындардың өлеңдері бүгінгі күнге дейін оқылып жатқаны бұның дәлелі. Олардың шығармалары екі мың жылдан астам уақыт бойы европаның көркем туындыларына үлгі болып келеді.

Жоғарыда баяндап өткеніміздей Рим халқы латын тілінде сөйледі, олардың диалектісі мен сөйлеу стилі қалай болғанын білмейміз, себебі қолжазбалар сақталмаған. Жұрттың бәрі Цицерон сияқты сөйлей алмауы да мүмкін, бірақ латын тілі содан бері сәл ғана түрленіп өзгеріске түскен. Ғасырлар өте келе, латын ауызекі сөйлеу тілі ретінде де, жазба әдеби тіл ретінде де жан-жаққа тарай бастады. Біздің заманымызға бірер ғасыр қалғанда, Италияда жазуы бар бірнеше тіл болған, олардың бес-алтауының сөйлеушілерінің саны латын тілінде сөйлеушілерден көп болған.

Халықтардың осылайша латын тіліне көптеп ауысуына римдіктердің елді басқару стилі әсер етті. Салық жинаушылар, бақылаушылар, заңгерлер, кеденшілер, тағы да көптеген қызметкерлер мен жауынгерлер латын тілінде сөйлеу керек болды. Мұндай жағдайда тұрмысын түзеп, қызмет істегісі келгендер латын тілін үйренуге мәжбүр болды. Қай жұмысқа тұрсаң да латын тілін білсең, тілді жақсы білген адам көптеген артықшылыққа ие болды.

Бірнеше ғасыр бойы латын Еуропаның жалпыға ортақ жазу тілі болып қала берді. Уақыт өте келе, өзге де жазуы бар тілдер тарапынан бәсекелестік көбейді, бірақ ол өз бетінше жүрді. Латын ұзақ уақытқа дейін тізгінді бермей жүрді.

Латын тілі шіркеулерде XVI ғасырдың басындағы реформацияға дейін қолданылды. Одан кейін протестант шіркеуі Құдайға құлшылық етуде әр ұлт өз тілін қолдансын деген ереже бекітті. Католик дінінде латын бәрінен жиі қолданылды. 1960 жылдарға дейін дүниенің әр түкпіріндегі католик шіркеулері латын тілінде сөйледі.

Ғылыми жұмыстар және оқулықтарды өзге тілдерде жазу тек XVIII ғасырдан бастап мүмкін болды. Өткен ғасырлардағы француз Декарт, ағылшын Ньютон, неміс Лейбниц сынды ұлы ойшылдар ғылыми жаңалықтарын латын тілінде жазған.

Бүгінгі таңда латын тілі халықаралық тіл деңгейіне дейін көтерілді. V ғасырда Батыс Рим империясына остроготтар мен вестготтар, суеттер мен вандалдар, бургундтар мен франктер т.б. герман тайпалары басып кірді. Мұндай саяси күйреу лингвистикаға айтарлықтай өзгеріс әкеле қойған жоқ. Бұл мерзімге дейін латын тілінде сөйлеген халық сол тілде сөйлеуін жалғастыра берді. Осының салдарынан герман тайпалары халқының аз болғандығынан тілі жойылып латын тілде сөйлейтін болды. Тілдің грамматикалық

құрылымы мен лексикалық қорының құрылуына, дыбыс жүйесінің қалыптасуына жүздеген, кейде мыңдаған жылдар кететіні лингвист ғалымдарға түсінікті. Себебі, тіл мыңдаған, миллиондаған адам қатысатын тұрақты ұғымдық іс-әрекеттің арқасында іске асатын құбылыс.

Екінші жағынан қарағанда тіл жәдігер емес, ол музейде тұрмайды. Тіл – қолданыс құралы, жағдайға байланысты өзгеріп, қоры мен құрамы толығып отырады. Егер ұсақ, әлеуеті жоқ тілмен қарым-қатынас жасағаннан гөрі үлкен әрі кең тараған тілде сөйлесеңіз, көп нәрсеге қол жеткізесіз. Сол себепті де адамдар өз ана тілінде бір-бірімен қарым-қатынас жасағанды қажет етеді. Өкінішке орай, кең тараған тілде сөйлеп, жазып жетістікке жеткісі келеді.

Латын тілі кеңінен және өте ұзақ уақыт қолданыста болғандықтан, барлық еуропалық тілге әсер етті. Ол тілдерде ортақ сөздер өте көп, олар негізінен латын сөздерінен тұрады, ал грек сөздері алдымен латын тілінен енген, сосын әрі қарай ауысқан. Ағылшын тіліндегі латын сөздері көбінесе француз тілі арқылы енген.

Tu regere imperio populos, Roniane, memento!

Бұл жолдардың сөзбе-сөз аудармасы: «Сен, римдік, империядағы өзге адамдарды билеп-төстеуді ұмытпа!». Бұл сөйлемдегі әр сөз бір немесе бірнеше ағылшын сөзінің негізін құрайды. Ағылшын тіліндегі *regent*(регент) және *regiment*(полк) осы өлең жолындағы *regere*(басқару) деген сөзден шыққан. Ал оның есімшесі *rectus*(басқарылған) деген сөзден *correct*және *direct*деген сөздер туындайды. Ағылшын тіліндегі *reign*латын тіліндегі *regna*деген сөзбен жақын туыстас. *Imperio*деген сөзден ағылшын тілінде «*empire*»(империя), *imperialism*(империализм) және *imperialist*(империалист) деген сөздер пайда болды. *Populos*(халық) ағылшын тіліне француз тілі арқылы *people*болып кірді. Бірақ дәл сол латынның *population*(тұрғындар) және *populist*(популист) деген сөздері ағылшын тіліне тікелей кіріп, туындатты. *Roman*деген сөзден Рим (Roma) қаласының атауы туындады. Ағылшын тілінде осы сөзбен тікелей немесе жанама енген *romance*(романтика) және *Romania*(Румыния) деген сөздер бар. *Memento*(есте сақтау, ұмытпау) ағылшын тілінде кейде «ескерту» деген мағынада еш өзгеріссіз, осы латын тіліндегі формасында қолданылады. Бұл сөздің түбірін ағылшын тіліндегі мына сөздерден көруге болады: *memory*(жад, зерде), *memorize*(есте сақтау, жаттау), *remember*(ұмытпау).

Қысқаша айтқанда, жоғарыда мысал ретінде келтірілген өлең жолдарындағы ағылшын тіліндегі әр сөздің күнделікті ауызекі тілде қолданылатын бірнеше сөзбен туыстық байланысы бар. Олардың бәрі латын тілінен тікелей кірген, не француз тілі арқылы енген немесе итальян тілі сияқты Еуропаның өзге тілдерінен ауысқан. Тек өлеңдегі *Tu*деген бірінші сөз ғана ерекше тұр. Ағылшын тілінде оның *than*деген аналогі бар (көнерген сөз), бірақ оны жалпыға ортақ мұра деп есептейміз. Бұл сөздің латын тіліндегісі де, ағылшын тіліндегісі де олардың ізашары протоеуропалық тілден келген.

Сөйтіп, латын тілі тікелей және жанама түрде ену арқылы ағылшын тілін көптеген сөзбен байытқан екен. Мысалдардан көргеніміздей, латын сөздері көбінесе күнделікті қолданыстағы заттардың атауларын емес, дерексіз ұғымдарды білдіреді. Латын тілі мен грек тілі шынайы өмірді сипаттау және түсінуде қолданылатын сөздерді де, ұғымдарды да қамтамасыз етті. Тілдегі концепциялар болмаса, әлемдегі тіршілік бейберекет болып кетер еді.

Адамзат тарихында өткен өмірдің тарихын, олардың өткен ізін танып білуге сөз, графика, таңбадан өтер сенімді белгі болмаса керек. Осы тұрғыдан келгенде ҚР тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Түркі әліппесі өзінің қарапайым әрі жеңілдігі арқасында орасан зор кеңістікке мейлінше тез жылдамдықпен тарады. Мұның өзі оның кең көлемде меңгерілуіне мүмкіндік берді» [2,96-97], - деп жазуында терең мән-мағына жатыр.

Мекемтас Мырзахметұлы жоғарыдағы ой-түйінді былайша топшылайды: «Егер түркі халықтары бәріне ыңғайлы жасалған ортақ жазу таңбасын, яғни қазір қолдануға бет алған латынша жазу таңбасын ортақ жазу таңбасына айналдыра алса, рухани тұтастықтың тетігін таба алады, болмаса осы ғасыр ішінде-ақ «өлі тілді» халықтарға айналып кетуі

қиын емес. Өйткені бүгінгі жаһандану заманында әлемде 7048 тіл болса, екі аптада бір тіл жойылып отырады екен. Осы жойылатын тілдердің ішінде түрік тілді халықтар да жүр. Оларды аман алып қалудың кілті - түркі халықтарының бәріне ортақ жазу таңбасын тезірек өмірге енгізу амалы ғана, бұл оларға рухани қорған болып, сақтап қала алмақ» [3,200].

«Бүкіл түркі халықтары латын жазуына көшірілуіне байланысты әрі Түркия түріктері қандас бауырларынан рухани жағынан қол үзіп қалмау үшін, Кемел Ата Түрік Түркия Республикасында араб жазуын латыншаға ауыстыру саясатын ұстанды. Бірақ Мәскеу билеушілерінің арамза пиғылы түркі халықтарын бір-бірінен ыдыратып, бөлшектеп, алыстатып ұстау болғандықтан, қабылданатын латын жазуы түркі халықтары үшін ортақжазу таңбасы болмауы жағын қарастырды. Ол үшін түркі халықтары дыбыстық ерекшеліктерін олар бірін-бірі оқи алмайтындай латын жазуының бір-біріне ұқсамайтын таңбаларымен беріп, ортақжазу болудан алыстатып жіберуді көздеді. Осы саяси мақсатты жүзеге асыру үшін әр республикаға бір-бірден өздерінің сенімді миссионерлік пиғылдағы орыс филолог ғалымдары жіберілді» [3,202].

Осы саясатты 1940 жылы, бүкіл түркі халықтарына орыс жазуы кириллицаны «өз еркімен» қабылдатқан кезде де, жүзеге асырып отырды. Мұнда да орыс әрпінің жазу таңбаларын тұтас енгізіп, оған қосымша берілетін ұлт тілдеріне тән ұлттық дыбыстарды таңбалағанда соларды бір ізге түсірмей, яғни бірін-бірі оқи алмайтындай қалыпқа түсіріп таңбалады.

Мысалы, бір берілген қазақтың «ң» әрпі «ң, нг, нь, н» т.б. түрге түсіріліп, әркелкі етіп берілді. Бұрын араб жазуын қолданғанда түркі халықтары бірін-бірі оқып түсіне беретін ортақ жазу таңбасында болса, енді кириллица таңбасын толық қабылдаған соң, бірін-бірі оқи алмайтындай болып, бір-бірімен рухани байланысын үзіп алды. Ал қандас туыстарымен рухани байланыста болуды армандап, үлкен үмітпен латын жазуын қабылдаған Түркия түріктері латын жазуында қалып қойды. Осы себепті олардың қандас өз туыстарымен рухани байланысы үзілді. Олар үшін қандас туыстары қолданатын орысша жазу таңбасы қытай қорғанына айналып кете барды. Орыс жазу таңбасын бізге түгел енгізгендегі мақсат та түрік халықтарын орыстандыруға тілдік жағынан іргелі негіз салып қояды көздеу еді. Түрік халықтарының артикуляциялық базасын, яғни дыбыс шығару, сөз саптау базасын орыстың әріп таңбалары арқылы қалыптастырды. Осы себепті де түрік халықтары орыс тілін акцентсіз сөйлесе, кавказдық грузин, армян және Балтық жағалауы халықтары акцентпен сөйлейтін болып шықты. Өйткені бұл халықтар өздерінің артикуляциялық базасын ұлттық жазу таңбасы негізінде қалыптастырды. Ең нәзік саясат елеусіз түрде болса да тіл саласында қолданылатынын осы әрекеттен аңғарса болады. Бұдан халықтардың рухани тұтастық болмысын сүттей ұйытып біріктіретін де, іркіттей ірітетін де қуатты күш - жазу таңбасында жататынын ұғынамыз.

Кезінде Құбылай хан қытайларға 24 таңбадан тұратын шаршылы жазу таңбасын енгізбекші болған еді. Сол таңбаны қытайлар қабылдағанда бүгін тас түйін болып отырған қытай империясы шашылып, бірнеше мемлекетке бөлініп, бөлшектеніп кеткен болар еді. Өздерінің ұлттық таңбасын сақтап қалу себепті бүгінде қытай мемлекеті үлкен державаға айналып отыр. Сун Ят Сен заманында еуропалықтар қытайларға латын жазуын алуға үгіттеген болатын. Бірақ қытай халқының көреген көсемі Сун Ят Сен латын жазуын қабылдамады, егер қабылдағанда жүз тайпасы жүз жаққа кетіп, ыдырап, жоқ болып кеткен болар еді.

Осындай ойнамалы тағдырды басынан өткерген қытай мемлекеті бүгінде «қоңсың соқыр болса, көзінді қыс» дегендей, Ресей империясының түрік халықтарының жазу таңбасын сан құбылтып өзгерту арқылы олардың ұлттық санасын маргиналды орыстық сана қалпына түсіріп мәңгірттендіргені сияқты саяси ойынмен айналысып отыр. Қытайдан басқа жергілікті ұлттардың жазуын күшпен үш-төрт рет алмастырып, жаңа буын жас ұрпақты ұлттық санасынан тайдырып, нигилистік космополиттік жолға бағыттауда. Ресей империясы өз қарауындағы түркі халықтарына жазу таңбасын өзгерту

жағынан қандай саясат ұстанса, қытайлар да сондай саясат ұстанып, егіздің сыңарындай отаршылдық қалпын танытып келеді. Әрине, мұның бәрі де бодандықта ұстау саясатынан туындап жатқан кәнігі айла-шарғылар ғана» [3,206-207].

Бүгінгі күні Ахмет Байтұрсынұлының танымы бойынша жазу таңбасы (алфавит) ұлт тіліне қызмет етуі заңды табиғи құбылыс болып табылады. Кезінде алты тәуелсіз түркі мемлекеті егемендік алғаннан кейін ғалымдардың ортасында ортақ жазу таңбасына (ойма жазу) ауысу мәселесі біраз талқыға түсті. Мұстафа Ата Түрік тарапынан да ата жазуға оралу мәселесі кезінде күн тәртібіне қойылған болатын. Себебі түрік халқына ортақ ата жазуымыздың жаңаша жобасын жасап, бүкіл түркі халқына ортақ жазу таңбасын қалыптастыратын уақыт жетті, әрі осы мүмкіндіктерді жүзеге асырудың тарихи жағдайы туып отыр деп есептеді кейбір филолог, тарихшы ғалымдар. Ұлтжанды ғалымдардың ата жазу таңбасына арнап жоба жасағанмен, көпшіліктің қолдауымен латын графикасы бүгінгі таңда Қазақстанда жүзеге асырыла бастады.

Тілдер кез келген уақытта пайда болып, кез келген уақытта жоқ болып кетіп жатады. Бүгінде дүние жүзі халықы 6900 тілде сөйлейді екен, бірақ олардың көбінде сөйлейтін адамдардың саны аз. Қазір ғаламшарда 7 миллиардқа жуық адам сөйлейтін 85 тілдің бірінде сөйлейді. Қалған 2 миллиардқа жуық адам 6800 тілдің бірінде сөйлейтіні анықталып отыр. Шағын тілдердің бірнешеуі сөйлеушілерінен тез айрылуда, олар көп кешікпей тілдердің ассимиляцияға түсіп, жойылып кету қауіпінің үстінде тұр. Одан да көп тілдердің әлсіреуін байқадық, олардың да жойылып кету қауіпі жоқ емес. Сонымен қатар латын таңбасында дүние жүзі халықтарының басым бөлігі жұмыс жасай бастады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Янсон Т. Тіл тарихы: кіріспе. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. 244 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Астана, 2010, 347 б.
3. Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы: Penton Hill, 2010, 400 б.

Аннотация: В заключении, в данной статье жизнь латинского языка начинается с прошлого периода и продвигается со временем, в том числе и до сегодняшнего дня, не попадая в ассимиляцию. Кроме того, вопросы языка и нации подробно рассматриваются как двусмысленные понятия. Историческое событие, в основном, происходило в зависимости от того, на каком языке народ разговаривает. Переход на алфавит международного языка-это шаг на пути приближения к глобальным межкультурным стандартам, интеграции в мировое языковое пространство, способствующее укреплению национального самосознания. Это создаст новые условия для вхождения в современную технологическую среду и создаст новый оборот развития сферы образования страны. Вывод из этого-переход казахского алфавита на латинскую графику стратегически доказанный вопрос в долгосрочной перспективе.

Ключевые слова: великие языки, эсперанто, ассимиляция, протоевропейский, лингвистский, концепция, мертвый язык.

Abstract: In conclusion, in this article, about the life of the Latin language begins with the past period and progresses over time, including to the present day, without falling into assimilation. In addition, questions of language and nation are treated in detail as ambiguous concepts. The historical event mainly took place depending on the language spoken by the people. The transition to the alphabet of the international language is a step towards approaching global cross-cultural standards, integration into the world language space, which contributes to the strengthening of national consciousness. This will create new conditions for entering the modern technological environment and create a new turn in the development of the country's education sector. The conclusion from this is that the transition of the Kazakh alphabet to the Latin script is a strategically proven issue in the long term.

Keywords: great languages, esperanto, assimilation, protoeuropean, linguistic, concept, dead language.